

"Атырау облысы Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 175 қаулысы

"Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі" Қазақстан Республикасының Кодексінің 42 бабы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабы, 37 бабының 8 тармағы, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18 бабы, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысы, Құрманғазы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 139 "Құрманғазы ауданының кейбір жергілікті атқарушы органдарын қайта құру туралы" қаулысы негізінде, Құрманғазы ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Атырау облысы Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. "Атырау облысы Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы осы қаулыдан туындаған еңбек қатынастарын және мүліктерді қалыптастыратын шараларды қабылдасын, сондай-ақ мемлекеттік мекемені мемлекеттік тіркеуден өткізсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Атырау облысы Құрманғазы ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.
4. Қаулы қол қойылғаннан бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланғаннан күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға қоладнылады.

Аудан әкімінің міндеттін атқарушы

Н. Калиев

Құрманғазы ауданы әкімдігінің
2023 жылғы "27" маусымдағы
№ 175 қаулысымен бекітілген
қосымша

"Атырау облысы Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. "Атырау облысы Құрманғазы ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі бөлім) - жер қатынастары, сәулет

және қала құрылышы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның мөрлери және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 060400, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округі, Құрманғазы ауылы, Смағұл Көшекбаев көшесі, 2.

10. Осы ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Жерлерді тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жер қатынастарын реттеу болып табылады, мемлекеттік бағдарлама негізінде құрылыс және қайта жаңғыру саласында мемлекеттік шараларды жүзеге асыру және өнірдің сәулет-қала құрылышы саласының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

бөлімнің құзыретіне жататын сұрақтар бойынша заңда белгіленген тәртіпке сай облыстық басқармалармен, жергілікті атқарушы органдармен, меншік түріне қарамастан ұйымдармен, мекемелермен өз құзыреті шегінде өзара байланыс жасау;

тиісті кәсіпорындар мен ауылдық округ әкімі аппараттарынан және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардан ақпарат сұрату;

міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заң бұзушылықтарды болдырмау мақсатында тиісті органдарға ұсыныс жасауға құқылы;

мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан және азаматтардан құзыретіне жатқызылған мәселелері жөніндегі қажетті ақпаратты сұратуға құқылы;

жергілікті атқарушы және өкілді органдардың жер саласына қабылданған шешімдерін құшін жоюға немесе тоқтату туралы ұсыныс енгізуғе;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көрсетілген басқа да құқықтары бар;

бөлім өз құзыреті шегінде әкімшілік істерді қарauғa және хаттамалар мен қаулылар қабылдауға құқылы

білікті мамандарды қала құрылышы құжаттамасы жобаларының сараптамасына қатысуға, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың қала құрылышы саясаты жөніндегі ұсыныстары мен ұсынымдарын дайындауға тарту.

2) Міндеттері:

жер қатынастарын реттеу саласында бірынғай мемлекеттік саясатты жүргізу;

ауданының жер қатынастарының жай-күйі туралы біртұтас деректер банкін құру және жүргізу;

мемлекеттің жер қатынастары саласындағы мүдделерін қорғау;

жерді аймақтарға бөлу жобаларын және аудандардың жерін ұтымды пайдалану жөніндегі бағдарламаларды, жобалар мен схемаларды әзірлеуді ұйымдастыру

аудан аумағында мемлекеттік сәulet-қала құрылышы саясатын жүргізу;

ауданының әкімшілік бірлігі аумағын қала құрылыштық игеру кезінде сәulet-қала құрылышы қызметі туралы заңнаманың, мемлекеттік нормативтердің және белгіленген тәртіппен бекітілген сәulet-қала құрылышы және өзге де жобалау құжаттамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;

бекітілген қала құрылышы құжаттамасына сәйкес құрылыш жобаларының іске асырылу нормаларының, қала құрылышы тәртібінің, құрылыш салудың аумақтық ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;

мемлекеттік қала құрылышы кадастрын аудан деңгейінде жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген өкілеттіктер шегінде сәulet және қала құрылышы қызметі саласындағы өзге міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

иесі жоқ жер участеклерін анықтау және оларды есепке алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

ауданың жергілікті атқарушы органдының жер участеклерін беру және олардың нысаналы мақсатын өзгерту жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

жер қойнауын пайдаланудың мемлекеттік геологиялық зерттеуге және барлауға байланысты мақсаттары үшін жер участеклерін беру жөніндегі аудандық атқарушы органдың ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

мемлекет мұқтажы үшін жер участеклерін мәжбүрлеп иеліктен шығару жөнінде ұсыныстар дайындау;

жер участеклерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер участеклерінің кадастрық (бағалау) құнын бекіту;

жерге орналастыруды жүргізуі ұйымдастыру және жер участеклерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

ауданың жерін аймақтарға болу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

елді мекендер аумағының жер-шаруашылық орналастыру жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

жер сауда-саттығын (конкурстар, аукциондар) жүргізуі ұйымдастыру;

жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

ауданың жер балансын жасау;

жер участеклерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың, сондай-ақ жер құқығы қатынастарының басқа да субъектілерінің есебін жүргізу;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклерінің паспорттарын беру;

жер участексерін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасасу және жасалған шарттар талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

ауданың жергілікті атқарушы органдының іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер участеклерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жерді анықтау;

жерді резервке қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

жер - кадастрық жоспарды бекіту;

жеке және занды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын уақтылы қарауды қамтамасыз ету;

бөлімге қатысты жұмыстары бойынша аудан әкіміне, аудан әкімі жанындағы аппарат мәжілістеріне, аудан әкімдігіне, мәслихатқа мәселелер үсыну және есеп беру;

зандарда белгіленген тәртіппен бекітілген аудан аумағының қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемасын (аудандық жоспарлау жобасын), ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

мемлекеттік қала құрылышы кадастрының дереккорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

аумақта жоспарланып отырған қала құрылышының өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

аудандық маңызы бар құрылыш, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру және көгалдандыру, аяқталмаған объектілер құрылышын тоқтатып қою, объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы шешімдер қабылдау;

объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін, сондай-ақ пайдалануға берілетін объектілерді (кешендерді) есепке алуды жүргізу;

аудандық маңызы бар тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сактауды және олардың күтіп ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

аудан аумағында қала құрылышын дамыту схемаларын, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларының жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру және аудандық мәслихаттың бекітуіне үсыну;

елді мекендердің бекітілген бас жоспарларын (аумақтық даму схемаларын) дамыту үшін әзірленетін қала құрылышы жобаларын іске асыру;

салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін сәулет, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізу;

ведомствоның бағынысты аумақта құрылыш салуға немесе өзге де қала құрылышын игеруге арналған жер участкерлерін таңдау, беру, заннамалық актілерде көзделген жағдайларда, мемлекеттік қажеттер үшін алып қою жөнінде шешімдер қабылдау;

бұрыннан бар үйлердің үй-жайларын қайта жоспарлау арқылы реконструкциялау туралы шешім қабылдау;

сәулет және қала құрылышы органдары қызметін жақсарту және нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру мәселелері жөнінде үсыныстар дайындау;

бөлім қызметкерлерінің жұмысында, олардың біліктіліктерін арттыруда тиісті кәсіби деңгейді қамтамасыз ету;

аудан аумағында сәулет-құрылымы бақылауы мен қадағалауы мемлекеттік органдарының жұмысына жәрдемдесу;

бөлімде гендерлік тендікті нығайту жөніндегі тиісті іс-шараларды жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мұлік объектілерінің мекенжайын айқындау жөнінде анықтама беру;

құрылымы және реконструкция (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну;

тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертпей қолданыстағы ғимараттардағы үй-жайларды (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру;

эскизді (эскиздік жобаны) келісуден өткізу;

сәулет жоспарлау тапсырмасын (СЖТ) беру

құрылымы, сәулет және қала құрылымының қызметі туралы заңдылыққа қайшы келмейтін, бөлім туралы ережесімен анықталған басқада қызметтерді орындау.

3. Мемлекеттік органдардың басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды басшы жүзеге асырады, ол бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлім басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Бөлім басшысының өкілеттіктері:

бөлімнің жұмысын ұйымдастыруды, басшылық етеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлімнің қызметкерлерін қызметке тағайындейді және қызметтен босатады;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бөлімнің қызметкерлеріне көтермеледеу, материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді және тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

бөлім атынан шарттар жасасады, өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

бөлім туралы ережені дайындауды және оны бекітуге ұсынады;

аудан әкімдігінің қаулысымен бекітілген штат санының лимиті шегінде бөлімнің штаттық кестесін, сәйкесті жылға арналған қаржыландыру жоспарын бекітеді;

бөлімнің жұмысы туралы аудан әкімінің аппаратына және облыстық басқармаға есеп береді;

мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда бөлімнің мұдесін білдіреді;

қызметкерлердің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауының әрбір фактісі бойынша қызметкермен бірге тікелей жауапкершілікте болады; қолданыстағы заңнамаға сәйкес бөлімнің міндеттерінен туындаудын өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлім басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

19. Бөлімнің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын басшы немесе лауазымды тұлға басқарады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

20. Бөлім заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Бөлімнің бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.